


Мемлекеттік бағдарламада оқу үрдісіне педагогикалық және ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану жалпы білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі ретінде көрсетіледі. Сонымен жаңа ақпараттық технологияның тиімділігі – бұл оқытушыға оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, білім алушының дүниетанымын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы. Осы орайда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті инновациялық технологиялар білім институтының директоры, педагогика ғылымының докторы, профессор Еңлікхан ҚОЗЫБАЕВТЫҢ да айтары аз болмай шықты.



Қашықтан оқытудың өзіндік ерекшелігі бар

– Еңлікхан Шәріпханұлы, сіздердің құрылымдық бөлімдеріңіз «Инновациялық технологиялар білім институты» деп аталады екен. Бұл институтты құрудағы мақсат не?

– Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың білім саласына белсенді енуіне байланысты М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде 2008 жылы сырттай оқу факультеттерінің негізінде Қашықтан оқыту институты құрылды. «ҚР білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында білім беру бағдарламаларының экспортын ұйымдастыруға және университетке шетелдік талапкерлерді қабылдау, сонымен қатар оқу орнының аймақтардағы, алыс және жақын шетелдердегі танымдылығын арттыру мақсатында бірнеше өкілдік ашылды. Атап айтқанда, алғашқы болып Маңғыстау өңірі үшін ОҚУ-дың 2013 жылы Ақтау қаласындағы өкілдігі ашылды. Сол уақыттан бері 700-ден астам жоғары білікті маман университетті бітіріп, Маңғыстау өңірінде жемісті еңбек етіп жүр. Орталық Қазақстан үшін 2016 жылы Қарағанды қаласында өкілдік ашылды. Осы уақытқа дейін 320 жоғары білікті маман университетті аяқтап, индустриалды өңір үшін өнеркәсіптің әр саласында еңбек етіп жүр. 2019 жылдан бастап Ташкент қаласында өзбекстандық студенттер үшін оқу-әдістемелік орталығы ашылып, тұрақты жұмыс істеп тұр.

Институтты әр жылдары бітіріп, ел дамуына өзіндік үлес қосқан танымал тұлғаларымызды біз әрқашан мақтананш етеміз. А.Тшанов, Б.Жылқышиев, Е.Белегенов сияқты қоғам қайраткерлері, Е.Хасанғалиев, М.Жүнісова, Р.Гайсин, З.Кастеева, Р.Каланова, Ф.Жолымбетова сияқты елімізге танымал мәдениет және өнер қайраткерлері біздің тұлғаларымыз. Еліміздің көк байрағын ірі-ірі спорт ареналарының төріне көтеріп, әнұранын ойнатып жүрген спорт саңлақтары Мұхтархан Діл-дәбеков, Базарбек Дөңбай, Еркебулан Шынаев, Біржан Жақыпов, Рашид Юнусметов, Қайрат Ералиев сияқты аттары әлемге танымал атлеттер де біздің тұлғаларымыз.

– М.Әуезов атындағы ОҚУ Инновациялық технологиялар білім институтында қандай оқу түрлері, қандай мамандықтар бойынша білім алуға болады?

– Орта кәсіби білім негізінде, яғни колледж бітірген студенттер үшін 3 жыл, жоғары білім негізінде 2 жыл оқиды. Бүгінгі таңда институтта орта кәсіби және жоғары білім негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлау жүзеге асуда.

Институтта 103 білім бағдарламасы бойынша республикамыздың облыстарынан, алыс және жақын шетелдерден келген 8612-ден астам студент білім алады. Олар техникалық, гуманитарлық, педагогикалық, мәдениет және өнер, білім бағдарламалары бойынша оқиды. Студенттерге 140-тан астам ғылым докторы мен 600-ге жуық ғылым кандидаты дәріс береді.

– Қашықтан оқыту білім сапасына кері әсерін тигізбей ме, осы оқу түрі бойынша білім алған мамандардың кәсіби біліктілігі бәсекеге қаншалықты қабілетті?

– Бүгінгі таңда қашықтан білім беру технологияларын дамытудың маңызы зор. Осыған байланысты елімізде қашықтан білім беруге мемлекеттік деңгейде көңіл бөлінуде. Бұл технологияның бірқатар ерекшеліктері бар. Қашықтан оқытын студент семестр бойынша материалды оқуға қашан және қанша уақыт бөлетіндігін өз бетінше шеше алады, өзі үшін жеке жаттығу кестесін құрастырады. Кез келген күрделі мәселелерді зерттеуге қайта оралуға, бірнеше рет бейне дәрістерді көруге мүмкіндік алады. Студенттер кез келген жерде және өзіне ыңғайлы уақытта оқи алады. Оқытуды бастау үшін тек интернетке қолжетімді компьютер болуы керек. Дәстүрлі түрде күнделікті сабаққа қатысудың қажеттілігі болмайды.

Негізгі жұмыс орнынан қол үзбей оқу, яғни емтихан сессиясын онлайн түрінде тапсыруға және оқу барысында зерттелген нәтижелерді жұмыста бірден қолдануға болады. Бір уақытта бірнеше курста қашықтан оқуға, басқа жоғары оқу орындарында да білім алуға болады. Компания қызметкерлері мен мемлекеттік қызметкерлер үшін корпоративті оқытуды (біліктілікті арттыру) ұйымдастыратын мүмкіншіліктер бар.

Американдық ғалымдардың зерттеуінше, қашықтан оқытудың нәтижелері білім берудің дәстүрлі түрлерінен кем емес, тіпті жоғары. Қашықтан білім алушы оқу материалының көп бөлігін өз бетінше оқиды. Бұл өтілген тақырыптарды түсініп оқып, есте сақтауды жақсартады. Алған білімді практикада, жұмыста бірден қолдана білуге көмектеседі. Сонымен қатар, оқу процесінде ең жаңа технологияларды қолдану оның қызығушылығын оятады.

– Қашықтан оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтарына тоқтала кетсеңіз.

– Қашықтан оқытуды ендіруге қойылатын басты талап – ұйымдастырушы өкімшілік және оқу-әдістемелік беттері бар ақпараттық қашықтан білім беру жүйесіне негізделген «Білім беру порталының» болуы және оқу үдерісінің сапалы электронды оқу-әдістемелік кон-

тенттермен қамтамасыз етілуі. Оның виртуалды зертханалық жұмыстарына, АОК сияқты интерактивті оқу материалдарына, сондай-ақ оқу материалын меңгерудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін бейне сабақтар өнімдерінің болуына басты назар аударылады. Аталған электронды ресурстар бүгінгі күні білім беру порталындағы әрбір студенттің жеке кабинетінде орнатылған.

Институтта қашықтан білім беру порталы «Прометей» жүйесі негізінде жұмыс істеп тұр. Оқу үрдісін сапалы электронды оқу материалдарымен қамтамасыз ету үшін арнайы 2 кешенді оқу-бейне студиясы және электронды контенттер өңдеу орталығы іске қосылған. Орталық бүгінгі таңда авторлық құқығы бар 1212 электронды оқу әдістемелік басылымды даярлап шығарды. Оның 143-і виртуалды лаборатория мен технологиялық процестер, 1000-ға жуық бейне лекция. Сондықтан портал бүгінгі таңда электронды оқу әдістемелік кешендермен, виртуалды лабораториялармен, бейне лекциялармен толық қамтамасыз етілген. Порталдың мобильді нұсқасы іске қосылған. Студенттің қай жерде, қай уақытта болмасын өзіне керекті ақпаратты тыңдауға, көруге, оқуға және оқу-әдістемелік материалдарын смартфон, планшеттер арқылы өзіне тартып алуына мүмкіндігі бар. Порталдың талапкерлерге арналған бетінде дайындық курстары жұмыс істейді. Ол жерде талапкерлердің өзін өзі тестілеуден өтуіне және онлайн консультант арқылы сұрақ-жауап алу мүмкіндіктері қарастырылған.

Соңғы 2-3 жылдан бері көрші Өзбекстан Республикасынан келуші талапкерлердің саны күрт көбейді. Осыған байланысты Ташкент қаласында университеттің филиалын ашу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Оған Өзбекстандағы қазақ этномәдени орталығы ұжымы мен белсенділері ат салысуда. Университет ректоры Д.Қожамжарованың бұйрығымен өзбекстандық студенттерге оқу-әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ташкент қаласының Чилонзор ауданында оқу-консультациялық орталығы ашылып, жұмыс істеуде.

«Біз білім, ғылым, инновациялар үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз» деп Елбасы атап айтқандай, бүгінгі күні дамудың негізі бағыты – білім мен ғылымға аса зор мән берілуде. Инновациялық процестер қазақстандық білім беру жүйесін қалыптастыруға және нығайтуға ықпал ететін негізгі векторлар екені сөзсіз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Ерболат АЙНАБЕКОВ,
«Ontustik Qazaqstan».